

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(20) қазан-желтоқсан 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
- Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
- Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 94(574)

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Оспанғалиев Қ.Ә.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 3-курс докторанты. Семей қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1917 жылы бүкіл Ресей кеңістігін қамтыған саяси-әлеуметтік маңызы зор саяси іс-шара - Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлауы қарсаңындағы Қазақстан, соның ішінде Шығыс Қазақстан мысалында ресми және бейресми санаттардағы ұйымдардың өлкедегі саяси билік жүйесінің өзгеріс динамикасын түзуге қатыстылығын талдап көрсету басты мақсат ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Құрылтай жиналысына сайлау науқаны тұсында қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік мүдделерді күн тәртібіне шығару мәселесіне қатысты атқарған тарихи қызметі деректік негізде баяндалады. Қазақстандағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауын өткізуге байланысты туындаған жан-жақты сипаттағы көріністері тақырыптың зерттеулер, Семей қаласындағы аймақтық мұрағат қорларында сақталған құжаттар және сол кезеңдік баспасөз материалдары арқылы дәйектеледі.

Түйін сөздер: Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы, Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Уақытша Үкімет, Алаш қозғалысы, Қазақ комитеті, Земство

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ НАКАНУНЕ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ

Оспанғалиев К.А.

PhD докторант Казахского инновационного гуманитарно-юридического университета, г. Семей, Казахстан

Аннотация. Основная цель статьи - проанализировать роль официальных и неформальных организаций в формировании динамики изменения политической системы в регионе на примере Казахстана, в том числе Восточного Казахстана, в преддверии выборов во Всероссийское Учредительное собрание 1917 года. Кроме того, историческая деятельность казахстанского общества во время предвыборной кампании в Учредительное собрание по повестке политических и социальных интересов будет описана на документальной основе.

Комплексный характер выборов депутатов во Всероссийское Учредительное Собрание в Казахстане подтверждается исследованиями на эту тему, документами, хранящимися в региональных архивах Семипалатинска и периодическими изданиями.

Ключевые слова: Всероссийское Учредительное Собрание, Казахстан, Восточный Казахстан, Временное правительство, Движение Алаш, Казахский Комитет, Земство.

SOCIO-POLITICAL SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN ON THE EVE OF THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY

Ospangaliev K.A.

PhD doctoral student, Kazakh Innovation University for the Humanities and Law, Semey, Kazakhstan

Abstract. The main goal of the article is to analyze the role of official and informal organizations in shaping the dynamics of changes in the political system in the region using the example of Kazakhstan, including East Kazakhstan, in anticipation of the elections to the All-Russian Constituent Assembly of 1917. In addition, the historical activities of Kazakhstani society during the election campaign to the Constituent Assembly on the agenda of political and social interests will be described on a documentary basis.

The complex nature of the election of deputies to the All-Russian Constituent Assembly in Kazakhstan is confirmed by studies on this topic, documents stored in the regional archives of Semipalatinsk and periodicals.

Keywords: All-Russian Constituent Assembly, Kazakhstan, East Kazakhstan, Provisional Government, Alash Movement, Kazakh Committee, Zemstvo.

Кіріспе

Еуразиялық кеңістікте орналасқан Қазақ жері адамзат дамуы тарихының шеңберіндегі зор сілкіністер мен тарихи үдерістерді талай мәрте бастан кешті. 1917 жылғы Ресейдегі патшалық монархияны жойған Ақпан төңкерісі отарлық бұғауда болған барлық ресейлік империя құзырындағы халықтар үшін азаттық пен бостандық әкелгендей болды. Ғасырлар бойы тәуелсіздік жолында күрес жүргізіп келген қазақ халқы да осы төңкеріс әкелген зор өзгерістерді баянды ету жолына қызу кірісті. Ресей империясы кеңістігінде Ақпан революциясынан кейін ерекше саяси жүйе, ол - Уақытша Үкімет пен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі қалпындағы қосөкіметтіктің қалыптасуы болды. Жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі Уақытша Үкіметпен ымыраға келіп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыруға дейін билікті ерікті түрде Уақытша үкіметке берді.

Ресейдің және Қазақстан сияқты ұлт аймақтарының болашақтағы мемлекеттік басқару формасын анықтау, түрлі санаттағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде өмірлік шешімдер қабылдау, халықтық сипаттағы заңдар шығару Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының құзырында болады деп ұйғарылды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы идеясы демократиялық өзгерістер деңгейін білдіретін өлшемге айналды.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлауы өткізілер қарсаңындағы Қазақстанның, соның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде саяси үдерістердің жалпы Ресей кеңістігінде қалыптасқан әскери-саяси жағдайларға байланысты үдемелі өзгерістерге түсуін зерделеу қажетті ізденіс. Ең алдымен қазақстандық қоғамның саяси өзгерістерге белсенді араласу мәселесі Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған саяси жағдайлармен сабақтастықта жете қарастыру өзекті болмақ.

Материалдар мен әдістер

Ұлт тарихындағы ерекше орны бар бұл саяси үдерісті зерттеу барысында негізгі деректер көзі ретінде жергілікті мұрағат қорларының құжаттары мен баспасөз материалдары және тақырыптық ғылыми ізденісті еңбектер мен арнаулы ғылыми құжаттық жинақтар зерделенеді.

Қазақстандағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауы қарсаңындағы қоғамдық-саяси үдерістердің мәнін ашып көрсету және оның өңірлік сипатын жете қарастыруға ықпал жасайтын әдістерді қолдану орынды болмақ. Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін әдіснамалық ұстаным толық мағынада орындалуы керек. Сондықтан да, тарихи деректерді және әртүрлі мазмұндағы тақырыптық материалдарды жинақтау, сұрыптау, талдап-зерделеу және саралау сынды әдіснамалық компоненттер арқылы барлық санаттағы материалдың шынайылығы және олардың қарастырылып отырған тарихи жағдаятқа қаншалықты қатыстылығы бары айқындалады. Осы қалыптағы кешенді жұмыс жасау тәртібі тарихи оқиғаның шынайы бейнесін объективті негізде ашуға толықтай ықпал ететіні сөзсіз.

Талқылау

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы тәрізді аса маңызды саяси науқанға даярлану қазақ қоғамы үшін ұлттық даму жолын анықтаған шешуші кезеңдердің бірі болды. Сол себепті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау науқанының қазақ қоғамының саяси қырынан өсуіне, ел ішіндегі демократиялық өзгерістердің орын алуына тигізген ықпалын зерттеу қазіргі қазақстандық тарих ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ өлкесінде Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Бүкілресейлік Құрылтай сайлауы қарсаңында атқарған саяси іс-шараларының мәнін ашу, түрлі әлеуметтік топтар мен саяси күштердің белсенділік деңгейін, олардың бағдарламаларында көтерілген мәселелердің өзектілігін талдау өңірлер бойынша талдау бүгінгі күні өзекті болып табылады.

1917 жылдың көктемі Ресейде қызу саяси оқиғалармен тұспа-тұс келді. Саясиланған ресейлік қоғамның кейпі құдды бір тасқын еске түсіретін. Қысқа мерзім ішінде ондаған партиялар өздерінің іске кіріскендігін жариялап жатты. Сонымен қатар, мемлекеттегі саяси көрініс – жаппай қоғамдық белсенділіктің өсуімен, көптеген ұйымдар мен топтардың шаралар өткізуімен және миллиондаған солдаттардың саяси өзгерістерге араласуымен анық байқалды [1, 32]. Бұл жағдай Ресей құрамандағы барлық өлкелер мен ұлттық аймақтар тән болатын. Мәселен, Қазақ өлкесіндегі Ақпан төңкерісінен кейін орын алған өзгерістер хақында жергілікті қазақ және орыс басылымдарында жарияланып тұрды.

Ақпан төңкерісі патшалық Ресей империясының даму жолына түбірлі өзгеріс әкелген маңызды оқиға болды. Отаршыл патша билігінің құлатылуы және оның орнына келген Уақытша Үкіметтің демократиялық ұстанымдарға негізделген саясаты қазақ халқының алдынан зор мүмкіндіктер ашты. Қазақ қоғамы қысқа сәтке болса да жаңа сипаттағы даму жолын таңдау мүмкіндігіне ие болғандығын анық сезінді. Ақпан төңкерісінің қазақ жұрты үшін маңызды тарихи оқиға екенін Семей облыстық қазақ съезіндегі кіріспе сөзінде Алаш қайраткері Райымжан Мәрсеков: «Біздің еркіндікке жетуімізге, құлдықтан босануымызға және үмітті болашағымыз үшін ең бірінші Ұлы орыс (Ақпан) революциясына міндеттіміз» - деп бағалаған болатын [2, 33-б.].

Қазақстан халқының қалың топтары Ресей патшасының тақтан тайдырылуын, Ақпан төңкерісінің бастапқы нәтижесін ірі саяси және экономикалық өзгерістерге апарады деген үмітпен қабылдап, өздерінің ғасырлар бойғы азаттық тілектерінің орындалу мен толғағы жеткен ұлттық және әлеуметтік мәселелердің шешілуін сонымен байланыстырды.

Алаш қайраткерлерінің бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы жақсылық хабарды естіген халықтың сол кездегі көңіл күйін былайша білдірген болатын: «Қазақтарға ақпан төңкерісі қанша түсінікті болса, қазан төңкерісі соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы төңкерісті қандай қуанышпен қарсы алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға тура келді. Алғашқысын қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол, біріншіден, бұл төңкеріс оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсінуінде еді» [3, 41-б.].

Түрлі басылым беттерінде елде орын алған саяси өзгерістер жөнінде, оған деген халықтың ой-пікірі турасында мақалалар легі жарияланды. Мәселен, «Қазақ» газеті: «...Бұл жақсылық, қуаныш жалғыз ғана орыстардікі емес, отаны Ресей болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш. Бұрын Россияның өгей ұлындай болып жүрген бұратаналар енді Россия ұлы болып амалсыз теңеледі. Ескі үкіметтің неше түрлі қиянатын, зорлық, қорлығын басынан кешірген біздің қазақ сияқты жұрттарға мұнан қуанышты уақиға өңі түгіл түсіне де енбейді», - деп жазған болатын [4, 367-б.]. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 223-санында Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, М. Есболов, Т. Жаманмұрынов бастаған барлығы он бес қазақ зиялыларының Қазақстанның барлық негізгі орталықтарына (25 адреске) жолдаған жеделхат мәтінін жариялайды.

Жеделхатта: «Ресейдегі барша халыққа ағайындық, теңдік, бостандық күні туды. Жаңа құрылған үкімет дүкенін сүйеу үшін қазаққа ұйымдасу керек. Жаңа құрылған ел бағу дүкенін нығайту үшін тегі басқа барша халықтармен үйір боларға керек. Учредительное Собрание сайлауларына қазақ болып қамдану керек. Жарамды жақсы адамдарын ауызға ала беру керек. Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сыйыспауларды тастау керек. Көксерлік жұмыстарын – бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер. Біз қалайтын патшалық түрі – демократическая республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі». Бұл келтірілген жеделхаттан қазақ зиялыларының саяси айқындамасын анық көруімізге болады. Ал ол айқындама, біріншіден, халықты жаңа билікке толық қолдау көрсетуге шақыру болса, екіншіден, сол билікті қолдау арқылы соның шеңберінде ұлт тағдырына қатысты негізгі зәру мәселелерді шешіп алудан үміттену еді [5, 215-216-бб.].

Ұлттық зиялылардың мұндай бағытты ұстануы, белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси даму деңгейіне, содан туындаған талап-тілектеріне тәуелді болғандығын ұмытпаған жөн. Ал сол тарихи кезеңде қазақ қоғамы үшін бірінші кезекте тұрған нәрсе, әрине, ұлттық азаттықты, ұлттық бостандықты өз қолына алу еді. Қазақ демократиялық интеллигенциясы бұл мақсатқа толық болмаса да, алғашқы кезеңде ұлттық автономияға жалпыресейлік демократиялық күштермен біріге отырып, қол жеткізуге болады деп түсінді. Ресейден бірден бөлініп кетуді мақсат етіп қоюға қазақ қоғамы әзір емес деп білді.

Ақпан төңкерісі – Ресей империясының барлық саяси жүйесіне тән дағдарыстың заңды нәтижесі, патшалық тәртіптің құлауы елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туғызады. Империяда бұрыннан орын алып келген «Біртұтас және бөлінбес Ресей» идеясы мен соған негізделген мемлекеттік саясатқа сызат түсе бастайды. Ақпан төңкерісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық, көп жағдайда бір-біріне қарсы болған мақсат – мүдделерді жақтайтын күштер саяси күрес алаңына шығады [6, 74-б.]. Ақпан революциясынан кейінгі жағдайдың өзіндік ерекшелігі Уақытша Үкіметпен қатарлас Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі түріндегі үкіметтің пайда болуы еді [7, 656-б.]. Қосөкіметтілік өзінің дүниеге келуі арқылы ақпан төңкерісінің ішкі қайшылықтарын бейнеледі. Елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екендігін көрсетті. Мұндай жағдай ұзаққа бармайтын еді: ерте ме, кеш пе, қосөкіметтілік жойылып, барлық билік империалистік буржуазия мен оның одақтастарының мүддесін қорғайтын Уақытша үкіметтің немесе әлеуметтік және ұлттық езгінің ауыртпалығын көтерген халықтың басым көпшілігі болған жұмысшылар мен шаруалардың революцияшыл – демократиялық өкімет органы болған кеңестердің қолына көшуге тиіс еді [6, 83-б.].

Мемлекеттік Думаның комитеті Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесімен ынтымақтасып, 28 ақпанда Уақытша Үкіметті сайлады. Жаңа үкімет басында халық билеуге – министрлікке сайланғандар мыналар: бас министр, яғни Министрлер Кеңесінің төрағасы һәм ішкі істер министрі князь Львов, әскер һәм флот министрі Гучков, сыртқы іс министрі Миллюков, оқу министрі профессор Мануйлов, қаржы министрі Терещенко, жер министрі Шингарев, әділет министрі Керенский, рухани министрі депутат Львов [4, 367-б.].

Уақытша сайланған үкімет Россияның мемлекеттік басқару формасын анықтайтын, әр ел өкілдерінің жиылысы – «Құрылтай жиналысына» дейін ел билеу ісін өз қолына алды және Құрылтай жиналысы бекітетін негізгі заң шыққанша 8 пунктен тұратын уақытша заң шығарған болатын:

1. Барша саяси, діни айыпкерлер: бұрынғы үкіметке қастық һәм қарсылық қылғаны үшін, қару-жарақ жұмсап жауласқаны үшін, жер туралы жанжал шығарғаны үшін айыпкер болған һәм басқа сол сияқты бұрынғы үкіметке қарсылық жүзінде жазықты болған адамдардың кінәларына кешірім жасау;

2. Ауыз сөз, баспа сөз, қауымдасу, жиылыс жасау сияқты істерге ерік беру;
3. Діннің, тектің басқалығы жүзінде болған бұрынғы таршылықтарының бәрін жоғалту;
4. Кешікпей Учредительное Собранию өкілдер шақыруға даярлану;
5. Полицияны жоғалтып, халықтың өзінен милиция (бақылаушы) қою, милиция батығын халық мекемелері сайлау һәм сол мекеменің қарамағына өту;
6. Сайлау негізі баршаға бірдей, тең, төте һәм қалау жағы құпия болу;
7. Өзгеріс ісіне күшін қосқан Петроградтағы әскерлердің қару-жарағын тастатпау һәм Петроградтан басқа жерге алып кетпеу;
8. Әскерлік жүзіндегі тәртіптерді нық сақтап, жалпы жұртқа берілген құқықтарды басқа мен қатар солдаттарға да беру [4, 368-б.].

Бұл бағдарлама елдің конституциялық және демократиялық даму жолына аяқ басуына алғышарттай болды.

Ресей империясының құрамындағы барлық халықтар сияқты қазақ халқы да Уақытша үкіметке қолдау көрсетті. 1917 жылғы 5 наурыздағы Уақытша үкіметтің жергілікті өкімет органдарын құру туралы қаулысына сәйкес наурыз айында Қазақстанның барлық жерлерінде Уақытша өкіметтің жергілікті органдары құрылды. Төңкерістен кейін қалың бұқараның өсе түскен саяси белсенділігі әртүрлі комитеттердің (қоғамдық, азаматтық, коалициялық, қоғамдық қауіпсіздік комитеттері т.б.) құрылуына әкеп соқты, осы комитеттер арқылы бұқара халық жергілікті жерлерде мемлекеттік істерді басқаруға қатысуға ұмтылды. 1917 жылы 4 наурызда Петропавлда Уақытша қоғамдық қауіпсіздік комитеті құрылып, кейіннен Атқару комитеті етіп қайта ұйымдастырылды. 1917 жылғы 5 наурызда Қалалық думаның, әскери өнеркәсіп комитетінің, көпестердің, офицерлердің, шенеуніктер мен басқалардың өкілдері Семейде қоғамдық ұйымдар мен армияның Облыстық атқару комитетін құрды. Көкшетауда – Уездік коалициялық комитет, Петропавлда – кейініректе Атқару комитеті етіп қайта ұйымдастырылған Уақытша қауіпсіздік комитеті, Қостанайда – қоғамдық комиссия, Ақтөбеде – азаматтық комитет, Орал мен Верныйда уақытша атқару комитеті және басқалар пайда болды [7, 659-б.]. Сонымен Уақытша үкіметтің жергілікті саяси өкімет органдарын құруына қалалық думалар, әр түрлі одақтар, ұйымдар, комитеттер, земстволар негіз болған болатын. Әр ұлт, әр қауым, әр ұйымнан өкілдер кіретін қоғамдық ұйымдардың құрама комитеті жергілікті өкімет билігін жүзеге асырды.

Ресей орталығы мен басқа да аймақтарында орнаған қосөкімет көрінісі сияқты, Қазақстанда да Уақытша үкіметтің жергілікті органдарымен қатар жұмысшы, солдат және шаруа кеңестері пайда бола бастады. Атап айтсақ, Жетісу облысының орталығы Верный қаласында 1917 жылы наурыздың 12-де жұмысшы депутаттары кеңесінің алғашқы мәжілісі болып, онда кеңестік атқару комитеті сайланды. Сол жылдың наурыз айының 11-де Семейдің қалалық жұмысшы депутаттары кеңесінің 32 адам қатынасқан ұйымдастыру мәжілісі болып өтті, наурызда Қызылжар (Петропавл) қаласында жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің алғашқы біріккен мәжілісі болды. Оған жұмысшылардан 40 депутат және солдаттардан 64 депутат қатынасты. Наурыз айында жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері Павлодар мен Өскеменде, Қостанай мен Ақмолада, Перовскіде (Қызылордада) мен Қазалыда, Әулиеатада (Жамбыл) мен Черняевта ұйымдасты [6, 84-б.]. Жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестерінен кейін көп кешікпей шаруа депутаттарының Кеңестері құрыла бастады, оларды ұйымдастыруда Орынбор, Омбы және Ташкент Кеңестері үлкен рөл атқарды. Перовск уезінің 35 адамнан тұратын Х. Ибрагимов басқарған, 1917 жылғы наурыздың аяғында құрылған қазақ депутаттарының Кеңесі шаруа депутаттары Кеңесінің алғашқыларының бірі болды. 1917 жылдың көктемі мен жазында Орал облыстық, Ақмола, Әулиеата, Перовск, Повладар және басқаларының уездік Кеңестері, Семей облыстық шаруа және казак депутаттарының Кеңестері жұмыс істеген [8, 33-40-бб.]. Қалалық жерлерде Уақытша үкімет тұсында мынандай басқару жүйесі қалыптасты: губерндік (облыстық),

қалалық, уездік, қоғамдық ұйымдар комитеті, қалалық дума, қалалық думаның атқару органы – губерндік, уездік басқармалар (управа), солдат және жұмысшы депутаттары Кеңестері, уақытша үкіметтің өкілдері – комиссарлар [7, 32-б.].

Қазақстан халқының әр түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтары депутаттарының осы кеңестерінің бәрінде мүшелікке өткен және өз қызметтерінің бас кезінде Уақытша Үкіметті қолдағанымен де, негізінен өздерін сайлаған халықтың қалың топтарының мүдделерін қорғады.

Ақпан төңкерісінен кейінгі уақыт Қазақстан үшін аса қауырт тарихи кезең ғана емес, сонымен бірге саяси кемелдену, өсу сәті де болды. Себебі қазақ қоғамы қысқа сәтке болса да елінің даму жолын таңдау мүмкіндігіне ие болғандығын сезінген еді. Ақпан төңкерісі халықтың саяси белсенділігін арттырды, халықтық демократияның қалыптасуына жол ашты. Халық атынан сөз сөйлейтін, оның мүддесін білдіретін өкілдерінің басқару ісіне араласу, елдің болашақ даму жолын айқындайтын, әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер бағдарламасын жасау мүмкіндігі туды.

Қазақстанның шығыс өңірі де аса күрделі қоғамдық-саяси өзгерістерді бастан кешірді. Семей облысы көлемінде ел ішінде орын алған әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешуді өз міндет-мақсаттарына, бағыт-бағдарламаларына арқау еткен қоғамдық-саяси ұйымдар, комитеттер құрыла бастады. 1917 жылғы 5 наурызда «Біріккен қоғамдық ұйымдар мен армияның облыстық атқару комитетіне» сайлау өткізіледі. Уақытша билік ретінде облыстық атқару комитеті өтпелі кезеңнің кезек күттірмес мәселелерін шешуге тырысты. Орталық Үкіметтің 1917 жылғы 6 наурыздағы декларациясына сәйкес Семей облыстық атқару комитетінің негізгі міндеттері:

- Облыстың халқына революцияның, елімізде орнаған жаңа саяси жүйенің мәні мен ағымдағы міндеттерін түсіндіру;
- Қалалық және ауылдық жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарын сайланбалы негізде қайта құру;
- Халықтың тыныштығын, азаматтардың жеке басы мен мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Азық-түлік мәселесін шешу, сондай-ақ азық тапшылығына ұшырамас үшін егістік көлемінің қысқаруына жол бермеу;
- Еңбекші бұқараға өз мүдделерін қорғайтын ұйымдар құруға мүмкіндік жасау;
- Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлаудың еркін әрі ашық түрде өтуін қамтамасыз ету [10].

Семейде, 1917 жылғы 8 наурыздан бастап Атқару комитетінің президиумы облыстық басқарманың жұмыстарын қабылдауға кірісті. Комитеттің құзырына губернатордың барлық құқықтары мен міндеткерліктері өтті. Комитеттің Президиумы Петроградтағы Министрлер Кеңесінің төрағасы кінәз Львовке мынадай мазмұндағы жеделхат жолдады: «Бүгін барлық ұйымдардың өкілдері Атқару комитетіне келіп, оның нұсқауларын басшылыққа алуға және ауызбіршілікте жұмыс істеуге келісім берді» [11].

Атқару комитеті барлық қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым—қатынаста жұмыс істеді. Олар қабылдаған шешімдері мен жиналыстарының журналының көшірмесін атқару комитетіне жіберіп отырды.

Атқару комитеті қоғамдық өмірдің түрлі салаларына қатысты мәселелерді шешуге тырысты. 1917 жылғы 15 наурыздағы атқару комитетінің мәжілісінде Семей жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі ұсынған талаптарды талқылады. Олар:

-Жалпыға бірдей, тең әрі құпия сайлаудың негізінде қалалық және ауылдық өзін-өзі басқару ұйымдарын құру;

-Осындай негізде азық-түлік комитеттерін уездер мен селоларда ұйымдастыру, оларды облыстағы егістік көлемін арттыру ісіне тарту;

- Барлық сауда-өнеркәсіп орындарында, фабрика-зауыттарда 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу;
- Түрлі ұйымдардың өкілдерінен тұратын аралас комиссияға жалақының минимум деңгейін анықтауды тапсыру;
- Барлық кәсіпорындарға санитарлық бақылау орнату;
- Міндетті демалыс күнін енгізу;
- Өнеркәсіп орындарында жұмысшыларға медициналық және құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру [12].

Атқару комитеті қоғамдық ұйымдардың (кооперативтер, қызметкерлер мен жұмысшылардың кәсіби бірлестіктері), сауда-өнеркәсіптік ұйымдардың, мәдени-ағартушылық қоғамдардың, жергілікті әскери бөлімшелердің өкілдерінен тұрды. Сол себепті қоғамдық ұйымдардың құрама комитетінен шет қалу қазақ үшін облыстағы жергілікті басқару құқығынан айрылу деген сөз еді. Осы жағдайды жақсы түсінген Семей облысының ұлт зиялылары 7 наурызда шұғыл түрде Семей облыстық Қазақ комитетін құрды. Қазақ комитеттерінің құрылу мақсатын «Сарыарқа» былайша айқындайды». Қазақ комитетінің көздеген мақсаты- әмір жүргізіп, билік құру емес еді, мәселен: жаңа тәртіпті жұртқа түсіндіру, ел арасына тыныштық орнату, учредительный собранияға қамдану, қазақ пен орыс арасын жайластыру, билік құрмаған әкімдердің үстінен күзетші болу һәм сол сияқты қазаққа тиісті мәселелерге кірісу». Ұлт намысын қорғаған ұйымның басқармасына мүше болып кіргендер: Ә. Ермаков, С. Дүйсенбин, А. Қозыбағаров, Б. Сәрсенов, Ш. Керейбаев, М. Малдыбаев, С. Қияков, С. Молдабаев, Д. Құлжанов, С. Торайғыров, С. Сабатаев болды. Комитет төралқасы: Р. Мәрсеков (төраға), Х. Ғаббасов, И. Тарабаев (төраға серіктері), А. Молдабаев (қазынашы) және Ә. Ермаковтен (хатшы) тұрды [13, 33-б.].

Облыстық Қазақ комитетінің бастамасымен 27 сәуірден 7 мамыр аралығында Семей қаласында съезд өтті. Бұл съезге 200 өкіл қатысты. Облыстық Қазақ комитеті съезге өзінің бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама қазақ қоғамы үшін заңды да жауапты Құрылтай жиналысы, мемлекеттік басқару түрі, автономия және жергілікті басқару, жалпықазақ съезі, халыққа білім беру, сот, қоғамдық қазына, 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шығындарды өтеу сияқты мәселелерден құралған еді. Көпшілік бұл бағдарламаны бір ауыздан бекітті.

Облыстық қазақ комиеті енді уездік комитеттер құру үшін жан-жаққа өз өкілдерін жіберді. Сөйтіп, қазақ комитетінің уездік, болыстық ұйымдары ашылды.

Жер-жерлерде құрылған бұл ұйымдарға Семей облыстық қазақ комитеті басшылық жасап отырады. Семей қаласында қазақ халқының қалың қоныстанған Заречная Слободка (Жаңа Семей) бөлігінің тұрғындары 1917 жылғы 28 наурызда жалпы жиналыс өткізіп, қазақ комитетін құрады. Құрамына Ж.Аллаоңғаров, Ы. Ахмадиев, М. Тұрғанбаев, К. Кебеков, А. Аңдамасов, Б. Құлғарин т.б. азаматтар кірген бұл ұйымның төрағалық қызметі Жаңғали Аллаоңғаровқа табысталады [14, 43-б.]. Семей қаласының Заречная Слободка (Жаңа Семей) бөлігі 1918 жылдың бас кезінен Алашорда үкіметінің саяси орталығына айналады.

Семей облыстық құрама атқару комитеті қазақ ісін алып кете алмады, істің ауырын да, жеңілін де қазақ комитетіне ысыра салып отырды. Қазақ ісінің көбі қазақ комитетіне қарай ағылғаннан кейін Семей облыстық құрама атқару комитетінің алдына қазақтан өкілдерін алу және өз ортасынан қазақ ісін басқаратын бір бөлім ашу мәселесі қойылады. Бірақ атқару комитетінің көңіл бөлмеуі салдарынан бұл мәселе 1917 жылы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезінің күн тәртібіне қойылады. Облыстық қазақ комитеті қазақ халқының ең жоғарғы өкілетті органы ретінде Құрылтай жиналысына дейін сақталады, сондай-ақ қазақ халқына тиісті әкімшілік және шаруашылық міндеттерін атқарады,- деп съезд қаулысы бекіткендей, енді комитет тек ұйымдастырушылық қызмет ғана емес, әмір жүргізу міндетін де алды.

Съезд қазақ комитетінің алдына Уақытша үкіметтің атқару комитетімен арақатынасты шешуде екі жолдың бірін таңдауды: не орыстармен қол ұстасып, көш біріктіріп, Құрылтай жиналысына дейін бірге жүре тұру, не орыспен араны ашып, ат құйрығын кесу. Екі комитет қатар шапса, оның аяғы аяқтан қағысу, арбасу екенін сезген съезге қатысушылар ақыры салмақтап, ойлана келіп, Уақытша қазақ комитетінің құрамын бекітіп, жиырма кісіні Семей облыстық құрама атқару комитетіне мүше қылып кіргізеді. Семейдегі Уақытша қазақ комитетінің төрағасы болып Райымжан Мәрсеков сайланады [9, 34-б.]. Облыстық атқару комитеті мен қазақ комитеті 17 мамырда бас қосып, билік төңірегінде қызу айтысқа түседі. Сарыарқа газеті бұл жайлы: “Мәжілістегі қызыл кеңірдек, қызу-қызу сөзден соң екі жақ бірігуге бата қылысты”, -деп жазды. 18 мамырда облыстық қазақ комитеті мен атқару комитеті қосылып, ортасынан басқарма сайлап, Ә. Ермеков пен Х. Ғаббасов атқару комитеті төрағасының орынбасарлары, Б. Сәрсенов хатшысы, Р. Мәрсеков пен А. Қозыбағаров төралқа мүшелері болып бекітіледі [14, 44-б.]. Осылайша облыстық қазақ комитеті мен Уақытша үкіметтің атқару комитеті арақатынастарына байланысты мәселелерді дер кезінде шеше білді. Қазақ халқы облыстағы ресми билік органына өз өкілдерін жіберу мүмкіндігіне ие болды. Семей облыстық қазақ комитеті облыс көлеміндегі оқу-ағарту, азық-түлік, жер дауы, орыс пен қазақ арақатынасы, земство салығын жинау тәрізді қазаққа тиісті өзекті мәселелерді шешуге, халықты саяси жағынан біріктіруге, ұлт болашағы үшін қызмет етуге ұмтылды.

Уақытша үкімет 1917 жылы 21 сәуірде Жер комитеттерін құру туралы қаулы шығарды. Түпкілікті заң жасағанша жер жұмыстарын уақытша басқара тұру жер комитеттеріне тапсырылды. Маусым айының соңында өткен Делегаттық Жиналыстың мәжілісінде көп кешіктірмей облыстық жер комитетін құру туралы шешім қабылданады. Оның құрамына ашық дауыс беру арқылы бес адам сайланды: Жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінен И.С. Юдин, қазақ комитетінен Ғаббасов пен Мәрсеков, Шаруа және казак депутаттары Кеңесінен Андреев және Голяшев енді [15]. Жер комитеттеріне өз өкілдерін қатыстыра отырып, қазақ комитеті жер реформасы даярланар тұста қазақтың жер мұқтажы туралы мәліметтер жинауға, жер дауына байланысты татуластырушы комиссияға қатынасады. .

Семей облыстық атқару комитетінің құрамы қызметі барысында біртіндеп өзгерістерге ұшырап, толығып отырды. Облыстық қазақ комитеті атқару комитетінің құрамына еніп, облыстағы егінші халықтың тірегі болған Шаруа және казак депутаттары Кеңесі құрылғаннан кейін Семей облыстық атқару комитеті өз еркімен билікті халық өкілдерінің қолына тапсыру туралы шешімге келді.

1917 жылы 11 маусымда шақырылған атқару комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің, шаруа және казак депутаттары кеңесінің және облыстық қазақ комитетінің бірлескен мәжілісінде атқару комитетін қайта құру мәселесі талқыланды. Мәжіліс атқару билігін тең принциптер негізінде «Делегаттық Кеңес» формасында құру туралы шешім қабылдады. Делегаттар жиналысының жоғарыдағы үш ұйымның негізінде (15-тен) 45 адамнан тұратын өкілдігі болды [16]. Облыстық қазақ комитетінен: Аблайханов, Боштаев, Ғаббасов, Дүйсенбин, Ермеков, Ибрагимов, Құлжанов, Құлжанова, Қозбағаров, Мәрсеков, Молдабаев, Оразалин, Сәббатаев, Сәрсенов, Жарабаев; шаруа және казак депутаттары кеңесінен: Андреев, Бичевинь, Возмитель, Голяшев, Давиденко, Дерулов, Карпич, Ляшкевич, Лютов, Рагозин, Федозубов, Сташи, Троицкий, Тимошенко, Швецов; жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінен; Артюшкин, Боровик, Воронов-Воробьев, Кораблев, Леонтьев, Попов, Полковников, Салов, Соловьев, Самаргин, Сайдашев, Тряпкин, Устинов, Юдин, Юринскийлер Делегаттық Жиналыстың құрамына енді [17]. 1917 жылғы 15 маусымда Семей қаласында жаңа облыстық билікті ұйымдастыру ісі аяқталды. Делегаттық жиналыс өз арасынан 9 адамнан тұратын Комиссариат құрды. Оған шаруа және казак депутаттары Кеңесінен – Ляшкевич, Троицкий және

Голяков; Қазақ комитетінен – Ғаббасов, Сәрсенов пен Ермеков; Жұмысшы және солдат депутаттар Кеңесінен – Попов, Воронов, Салов енді. Комиссариаттың төрағалығына Ляшкевич сайланды. Делегаттық Кеңес бекіткен комиссариат есептері жергілікті ресми ақпарат құралы «Известия Делегатского Собрания» газетінде жарияланып тұрды [18].

Қазақстанның XX ғасырдың басындағы қоғамдық саяси қозғалысында өзіндік орны бар, халықтың өзін басқару органы земстволар екені сөзсіз. Бүкіл ел үлкен үміт артып отырған Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау ісінің бәрі земство қолынан өту керек болатын. 1917 жылы 21 тамыздағы нөмірінде «Қазақ» газеті бұл жайлы төмендегідей алаңдаушылығын білдіреді: «Учредительный Собрание сайлауы үш айға кешіктірілді, үш ай көп уақыт емес, әсіресе біздің қазақ халқына, үш айдың бер жағында земствомызды дұрыстап сайлап алсақ, құдайға мың мәртебе шүкірлік айтуымызға лайық... Сайлаудың кешігу себебі хукімет земствосы жоқ елдер қамтамасыз болсын деп көрсетіп отыр».

Земство құру ісі Уақытша үкіметтің 17 маусымдағы «Дала облыстарына земство тәртібін жүргізу турасындағы» қаулысына сәйкес жүзеге асты. Земствоның не екендігін Ә Бөкейханов былайша көрсетеді: «Земство жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс – тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство үш орында, үш дәрежеде болады: болыстық, уездік, һәм облыстық. Бұлар біріне-бірі қол. Әрқайсысында іс атқаратын жұрт сайлап қойған басшы мекеме болады, орысша управа. Бұл іс атқаратын мекеменің сыртынан бағып тұратын, мынаны істе деп іс беретін мәжіліс, яғни гласнойлардың жиналысы болады» [19, 234-б.].

Семей облысы бойынша уездердің саны бесеу еді. Олар: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері. Уездік земстволарға гласнойларды сайлау бірінші болып Өскемен және Павлодар уездерінде қыркүйек айында өткізілді. Ал облыстың қалған уездерінде қазан айында өткізілетін болып жоспарланды. Уездік гласнойларды сайлау бүкіл халықтың қолында болса, облыстық земствоға гласнойларды сайлау уездік земство жиналысының құзырында еді. Заң бойынша белгіленген Семей облысындағы гласнойлардың саны – 48. Оның ішінде Семей уезінде 7 орын, Зайсан уезінде - 6, Қарқаралы уезіне – 10. Павлодар уезінде – 14 және Өскемен уезіне 9 орын берілді. Сондай-ақ 4 гласнойды Семей қалалық думасы сайлады. Алайда, ресейлік азаматтық қарсыластықтың соғысқа ұласуына және оның қазақ жерінде қамтуына байланысты Земство сайлауы да Құрылтай жиналысы сайлауымен қатарлас өтіп, тек 1918 жылдың бас кезіне ғана аяқталды.

Әскери-саяси жағдайларға байланысты 1918 жылы қаңтар айында басталған земстволық жүйе қызметі сол жылдың 27 маусымында ғана толық іске кіріскен. Алғашқы рет халықтық жоғары билік басына – облыстық земствоның төрағалығына Райымжан Мәрсеков сайланды. Семей облыстық қазақ комитетінің мүшесі Имам Әлімбеков земствоның маңызын: "баяғыдан біз айтып жүрген земство алдына келді. Басқарып кете алсақ жат-жанынан түнілер, басқара алмасақ мазақтар шетінен, естиярлық ер жеткендік сыналар заман келді, қазағым!" - деп жазады. Земство мекемелерінің қандай бөлімдер тұрғандығы Семей облысы земствосының мына құрамынан көрінеді: «Областной земский управа тиісті міндетін атқаруға кірісті. Басшылық Р. Мәрсеков те, Ә. Сатпаев, Ғ.Х. Ғаббасов, секретариат, әкімшілік жұмыс Р. Мәрсеков қарамағында, ақша жағы бухгалтерия Ляшкевичте, шаруа кәсіп Д. Троицкіде, оқу ісі Қ. Сәтпаевта» [3, 41-б.].

Земство халықтың материалдық-мәдени сұраныстарына жауап беретін жергілікті басқару органы болды. Оның ең кіші бірлігі болыстық земстволар еді. Болыстық земствоны енгізу мәселесі 1917 жылы 5 маусымда өткен облыстық шаруа және қазақтардың съезінде талқыланған болатын. Нәтижесінде съезд бұл туралы төмендегідей қаулы қабылдады:

1. Болыстық земстволардың шекаралары анықталғаннан кейін ауылдарда халық жиналыстары өткізіліп, тұрғындар қай болыстық земствоның құрамына енетінін өздері шешсін;

2. болыстық земствоның қарамағына осы ауданда тұрғылықты тұратын барлық азаматтар (қазақтар, орыстар және өзге ұлт өкілдері) енетін болатын. Олардың құқықтары да, атқарылатын земстволық міндеткерліктері де бірдей [20].

Сонымен ескі басқаруға қарағанда земстволық басқару жүйесін бірқатар артықшылықтары болды: біріншіден, барлық жергілікті істерді халық өздері сайлап қойған гласнойлар арқылы шешті. Екіншіден, гласнойлар тек сайлаушылар мен заңның алдында ғана жауап берді.

1917 жылы 6 тамызда Семей қалалық думасына сайлау өткізілді. Қалалық Дума гласнойлығына жеті тізім ұсынылды. Алғашында мұсылмандар мен Халық еркіндігі партиясы сайлауға бір тізіммен түседі деп күтілген болатын. Дегенмен блок құру шартын кадет партиясының комитеті тиімсіз деп тауып, 11 шілдеде кадет партиясының мүшелері мұсылман тізіміне өз кандидатураларын ұсына алмайды деген шешім қабылдайды. Сонымен мұсылмандар өз алдына жеке №1 тізімді ұсынады. Еврей топтарының №2 тізімі таза ұлттық тізім болды. №3 тізімді партиялық емес топтар, №4 тізімді Халық еркіндігі партиясы ұсынды. Социалистік блоктың, яғни социал-демократтар мен социалист-революционерлердің бірлескен тізімі №5, үй иелері, кәсіпкерлер, үкіметтік және қоғамдық мекемелердің қызметкерлері мен Поляк демократиялық партиясының тізімі №6 болса, №7 тізімді мұсылман-демократиялық топтары ұсынды [21].

Дума гласнойлығына үміткер саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар халық арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетіп, муниципалдық бағдарламаларымен таныстырды. Социалистік блок ұсынған тізімдегі 30 кандидат социалист-революционер, 29-ы социал-демократ, біреуі партиясыз социалист болды. Біріккен социалистер:

- азық-түлікті, тұрмысқа қажет бұйымдарды бөлуді әділ жүзеге асыруды;
- саудаға бақылау жасауды;
- өнеркәсіп орындарын муниципализациялауды;
- 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуді, жұмыссыздықтың деңгейін азайту үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды;
- прогрессивті кіріс салығын енгізуді;
- мемлекеттік қызметкерлерді сайлап қоюды және оларға жалақы төлеуді жүзеге асыруды

ұсынды [22].

Халық еркіндігі партиясы думада шешімін табуға тиіс проблемалар ретінде мыналарды атады:

- азық-түлік мәселесін шешу;
- Жұмыссыздықты реттеу;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- халықтың әл-ауқаты төмен топтарына тегін медициналық және құқықтық көмек көрсету;
- жалпыға бірдей тегін білім беруді енгізу;
- прогрессивті кіріс салығын енгізу;
- қалада жердің сатылуына тиым салу.

Бұл екі бағдарламада қала өміріндегі осы уақытқа қарай қордаланып, шешімі табылмаған әлеуметтік-экономикалық мәселелері кеңінен қамтылған. Өзге топтар мен қоғамдық ұйымдардың ұсынған бағдарламаларының мазмұны да олармен үндес болды [23].

Уездік қалаларда да думалық сайлаулар өтті. Павлодар думасына гласныйлар сайлауы 9 шілдеде өтті. Оған 5 тізім бойынша осы өңірдегі партиялар мен қоғамдық ұйымдар сайлауға түсті. Сайлау қорытындысы бойынша №3 тізіммен түскен мешан, солдат, жұмысшы және мұғалімдер одағы 12 орынға, №5 тізімдегі мұсылмандар қоғамы 5 орынға, №2 тізімдегі саяси блок(халық еркіндігі партиясы бастаған) 3 орынға, №1 тізімдегі Павлодар Әйелдер одағы мен №4 тізімдегі социалистік блоктар бір-бір орынға ие болды. Жиыны 22 гласный сайланды. Сайлауға

қатысушылардың 2797-сі ғана қатысқан. Ал 1400-і мүлдем қатыспаған. Бұл кезде Павлодар қаласы халқының саны 18 мыңнан астам болған.

Семей қаласындағы 7965 сайлаушының 6 тамыз күні сайлауға 6741 келді. Ал Заречная Слободкада сайлауға небәрі 164 адам қатысқан. Оның себебін Заречная Слободка тұрғындарының өз алдына жеке Дума сайлауға деген ниетімен түсіндіруге болады. Сайлау қорытындысы төмендегідей нәтиже әкелді. Біріккен социал-демократтар мен социал-революционерлер 21 орынға, үй иеленушілер, кәсіпкерлер т.т. 8 орынға, кадеттер 4 орынға, мұсылман демократтар 2 орынға және еврейлер мен партияда жоқтар бір-бір орынға ие болды. Думаға сайланған гласнойлардың жалпы саны 60 адам болды [14, 52-б.].

Қорытынды

Құрылтай жиналысы қарсаңындағы Қазақстанның, соның ішінде Шығыс Қазақстан өңірінде қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірдің жоғары деңгейде қарқын алғанын көруімізге болады. Делегаттар Кеңесінің құрылуы, алғаш рет демократиялық негізде қалалық дума сайлауларының өткізілуі, земство жұмыстарының ұйымдастырылуы, ұлттық мүддені қорғаған Қазақ комитетінің құрылуы сияқты саяси шаралар - қазақ елінің белсенді қоғам қайраткерлері сан жылдар бойы аңсаған тәуелсіз мемлекет құруға жасалынған алғашқы саяси қадам болғаны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Протасов Л. Г. Всероссийское Учредительное собрание. История рождения и гибели. - М. : РОССПЭН, 1997. - 362 с.
2. Шаяхметов Н. Ел-бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін. - Алматы, 2001.
3. Сіләмов А. Ақпан төңкерісінен кейінгі оқиғалар // Қазақ тарихы. - 2000. -39-42-бб.
4. «Қазақ» газеті. -Алматы,1998. – 560б.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат»,1995. – 368б
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек»,1995. – 256б.
7. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 3-том. –Алматы: «Атамұра»,2002. – 768б.
8. Нурпеисов К. Становление советов в Казахстане (март 1917 г. - июнь 1918 г.).– Алматы: Издательство «Наука» КазССР,1987. – 240с.
9. Махаева А. Қазақ комитеттерінің құрылуы және Уақытша үкімет тұсындағы қызметі. // ҚазМУ хабаршысы. Тар. сер. – 1995. – №2. – 31-37–бб.
10. Бюллетень С.О.И.К.(Семипалатинского областного исполнительного комитета). - №11. 17.03.1917.
11. Воля народа.-№2. 8.03.1917.
12. Бюллетень С.О.И.К. - №3. 9.03.1917.
13. Махаева А. Қазақ халқы мүддесін қорғаған комитеттер (1917-1918) // Қазақ тарихы. – 1995. – №1. – 32-38–бб.
14. Сайлаубай Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: т.ғ.к. ... дисс. –Алматы, 2001.
15. Воля народа. - №16. 24.06.1917.
16. Воля народа. - №7. 14.06.1917.
17. Воля народа. - №12. 20.06.1917.
18. Воля народа. - №11. 18.06.1917.
19. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы:Қазақстан, 1994. – 384 б.
20. Воля народа. - №4. 10.06.1917.
21. Свободная речь. - №13. 5.08.1917.

22. Воля народа. - №20. 29.06.1917.
23. Свободная речь. - №4. 7.07.1917.

References

1. Protasov L. G. Vserossiiskoe Ýchreditelnoe sobranie. Istoriya rojdeniya i gibeli. - M. : ROSSPEN, 1997. - 362 s.
2. Shaiahetov N. El-búginshil, meniki-erteńgi úshin. - Almaty, 2001.
3. Silámov A. Aqpan tónkerisinen keingi oqıǵalar // Qazaq tarihy. - 2000. -39-42-bb.
4. «Qazaq» gazeti. - Almaty,1998. – 560 b.
5. Qoıgeldiev M. Alash qozǵalysy. – Almaty: «Sanat»,1995. – 368 b
6. Nurpeisov K. Alash hám Alashorda. – Almaty: «Atatek», 1995. – 256 b.
7. Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deın) Bes tomdyq. 3-tom. –Almaty: «Atamura», 2002. – 768 b.
8. Nýrpeisov K. Stanovlenie sovetov v Kazahstane (mart 1917 g. - iýn 1918 g.). – Almaty: Izdatelstvo «Naýka» KazSSR,1987. – 240 s.
9. Mahaeva A. Qazaq komitetteriniń qurylyy jáne Ýaqytsha úkimet tusyndaǵy qyzmeti. // QazMÝ habarshysy. Tar. ser. – 1995. – №2. – 31-37–bb.
10. Bıylleten S.O.I.K. (Semipalatinskogo oblastnogo ispolnitelnogo komiteta). - №11. 17.03.1917.
11. Volá naroda. - №2. 8.03.1917.
12. Bıylleten S.O.I.K. - №3. 9.03.1917.
13. Mahaeva A. Qazaq halqy múddesin qorǵaǵan komitetter (1917-1918) // Qazaq tarihy. – 1995. – №1. – 32-38–bb.
14. Sailaýbaı E. Alashorda úkimetiniń shyǵys bólimi: t.ǵ.k. ... diss. –Almaty, 2001.
15. Volá naroda. - №16. 24.06.1917.
16. Volá naroda. - №7. 14.06.1917.
17. Volá naroda. - №12. 20.06.1917.
18. Volá naroda. - №11. 18.06.1917.
19. Bókeıhanov Á. Shyǵarmalar. – Almaty:Qazaqstan, 1994. – 384 b.
20. Volá naroda. - №4. 10.06.1917.
21. Svobodnaia rech. - №13. 5.08.1917.
22. Volá naroda. - №20. 29.06.1917.
23. Svobodnaia rech. - №4. 7.07.1917.

МАЗМҰНЫ

Абдрахим М., Тулешова У. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ШЕН» ЖӘНЕ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ МӘСЕЛЕСІ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. SPSS – СТАТИСТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА СПОРТШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. СЕМЕЙ Өңірі ауыл еңбекшілерінің майданды өнім сұранысымен қамтамасыз етуі.....	19
Балтабаева К.Н. ӨБІЛҚАЙЫР МҰХАММЕД ҒАЗИ БАҒАДУР-ХАН.....	33
Бейсегулова А.Қ. ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДА ТІЛДІҢ ОРНЫ.....	45
Бекжан О.Д. ҚАССАҚ ЭТНОНИМІ ЖАЗЫЛҒАН КӨНЕ ТҮРКІ РУНА ЖАЗУЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ.....	50
Гейдаров А. КСРО-НЫҢ ҚҰРЫЛУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РКСФР-ДІҢ ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ӨЗГЕШЕЛІКТЕР.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МОНО ЖӘНЕ ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ.....	63
Жанақова Н.Т. ҚАЛИ БІЛӘЛОВ – ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ ІСІНІҢ БІЛГІР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ.....	68
Жарқынбаева Р.С., Байжанова С.Н. ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	73
Жуматаев Р.С., Кожабекова Ж.Б. ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ.....	82
Ибраева А. ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРШІЛ ҚАЙРАТКЕРІ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БІРІМЖАНОВ – АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ.....	101
Каженова Г.Т. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ САЯСАТЫНА БҰҚАРА ХАЛЫҚТЫҢ КӨРСЕТКЕН ҚАРСЫЛЫҒЫ.....	111
Кәрібаев Б.Б. ЖӨНІБЕК ХАН.....	120
Кәрібаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Құлышанова А.А. ЖАҢА ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ БОЛЬШЕВИКТЕР ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕНІНДЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ.....	150
Қалыбекова М.Ч. XX ғ. 30-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КСРО-НЫҢ ҚҰҒЫН СҮРГІН САЯСАТЫНЫҢ БІР ТҮРІ - ҚАЗАҚСТАНҒА КҮШТЕП ҚОНЫСТАНДЫРУ	154
Қалшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ермабылов А.Е. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЛБА-НАРЫМ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ (ЖЕРЛЕУ ОРЫНДАРЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	163
Қойгелдиев М.Қ. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ: АЛАШТЫҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАНИФЕСІ.....	170
Қойгелдиев М.Қ. ЕСМАҒАМБЕТ ИСМАЙЛОВ: МЕН ӘДЕБИЕТТІ БАРЛЫҚ МҮДДЕМНЕН ЖОҒАРЫ ҚОЙДЫМ!.....	192
Қорабай С.С. «ДАНА ХИКАР ХИКАЯСЫ» ЖӘДІГЕРІ – АРМЯН ЖАЗУЫНДАҒЫ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ.....	226

Майданали З.	
ТӨРЕ ЖӘНЕ ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ ЖАСАҒЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ ПАРАДИГМАЛАР.....	232
Мамедзаде У.К.	
ӘЗЕРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЙМАҚТАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ..	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е.	
ОЙСЫЛҚАРА ЖЕРІНДЕГІ ТАС ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ(АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ):	
АЛДЫН-АЛА ХАБАРЛАМА.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т.	
Х-ХІ Ғ. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒЫС САЯСАТЫ: КОЧО ҰЙҒЫР ИДИҚҰТТЫҒЫМЕН	
СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ХОТАНДЫ ЖАУЛАП АЛУЫ.....	254
Мургабаев С.С.	
ҚАРАТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІНДЕГІ ТҮРКІ КЕЗЕҢІНІҢ БЕЙНЕЛЕРІ МЕН ТАҢБАЛАРЫ.....	262
Мұхитов Қ.	
ГҮРЬЕВ-ҚАНДЫАҒАШ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ.....	282
Омарова Г.Ә.	
АЛЖИР ҚАСІРЕТІ: АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР ЕСТЕЛІГІНДЕ.....	289
Оспанғалиев Қ.Ә.	
БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ	
ҚОҒАМДЫ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ.....	297
Саурықова Ж.С.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КУЛАКТАРДЫ ЖОЮ ПРОЦЕСІНДЕГІ БҰРМАЛАНУЛАР.....	309
Смағұлов Б.	
ТОҢЫКӨКТИҢ ЕКІНШІ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ	
ӘСКЕРИ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (VII – VIII ҒҒ.).....	318
Сұлтанғалиева Г., Ануаров Н.Т.	
ОРЕНБУРГ КАДЕТ КОРПУСЫ ЖӘНЕ XIX Ғ. ҚАЗАҚ ОФИЦЕРЛЕРІ.....	330
Ташқараева Ә.М.	
АБУ-Л-ҒАЗИ БАҒАДҮР ХАН: ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е.	
ШІЛІКТІ-ТАРБАҒАТАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2019 ЖЫЛЫ ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНДА	
ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	347
Хасенова Б.М.	
АРХЕОЛОГИЯ БОЙЫНША КИМАК ҚОҒАМЫНДАҒЫ ГЕНДЕР.....	353

СОДЕРЖАНИЕ

Абдрахим М., Тулешова У. ВОПРОСЫ «ЧИНА» И НАГРАД РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОМ УСТНОМ НАРОДНОМ ТВОРЧЕСТВЕ.....	5
Ахтаева Н.С., Парух К.И. ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ КОНСУЛЬТИРОВАНИЕ СПОРТСМЕНОВ В КРИЗИСНЫХ СИТУАЦИЯХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СТАТИСТИЧЕСКОЙ ВЫКЛАДКИ ДАННЫХ В ПРОГР.....	12
Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. ОБЕСПЕЧЕНИЕ СЕЛЬСКИМ НАСЕЛЕНИЕМ СЕМИПАЛАТИНСКОГО РЕГИОНА ПОТРЕБНОСТЕЙ ФРОНТА.....	19
Балтабаева К.Н. АБУЛХАИР МУХАММЕД ГАЗИ БАХАДУР-ХАН.....	33
Бейсегулова А.К. РОЛЬ ЯЗЫКА В СОХРАНЕНИИ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ.....	45
Бекжан О.Д. ЗНАЧЕНИЯ ДРЕВНЕ ТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО ПИСЬМА, ГДЕ НАПИСАН ЭТНОНИМ КАССАК.....	50
Гейдаров А. ПОЛИТИКА РСФСР НА ЮЖНОМ КАВКАЗЕ НАКАНУНЕ ОБРАЗОВАНИЯ СССР И РАЗЛИЧИЯ В ДАННОМ НАПРАВЛЕНИИ.....	57
Жайлыбаев Д.Ж. РАЗВИТИЕ МАЛЫХ И МОНО ГОРОДОВ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	63
Жанакоева Н.Т. КАЛИ БИЛАЛОВ – ТАЛАНТЛИВЫЙ ОРГАНИЗАТОР ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНЕ.....	68
Жаркынбаева Р.С., Байжанова С.Н. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН.....	73
Жуматаев Р.С., Кожобекова Ж.Б. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ, СВЯЗАННЫЕ С ЛОШАДЬЮ.....	82
Ибраева А. ЖАХАНША ДОСМУХАМЕДОВ – АМБИЦИОЗНЫЙ ДЕЯТЕЛЬ АЛАШСКОГО ДВИЖЕНИЯ.....	91
Ибраева А. АХМЕТ БИРИМЖАНОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....	101
Каженова Г.Т. СОПРОТИВЛЕНИЕ НАРОДНЫХ МАСС ПОЛИТИКЕ ВОЕННОГО КОММУНИЗМА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	111
Карибаев Б.Б. ЖАНИБЕК ХАН.....	120
Карибаев Б.Б. КЕРЕЙ ХАН.....	133
Кульшанова А.А. НОВЕЙШИЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ ПО НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКЕ БОЛЬШЕВИКОВ В ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ ТОТАЛИТАРНОГО ГОСУДАРСТВА.....	150
Калыбекова М.Ч. ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ПЕРЕСЕЛЕНИЕ НАРОДОВ В КАЗАХСТАН КАК ФОРМА РЕПРЕССИВНОЙ ПОЛИТИКИ СССР (1937-1945).....	154
Калшабаева Б.К., Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. МИРОВОЗЗРЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ КАЛБА-НАРЫМСКИХ ПРЕДГОРИЙ В ЭПОХУ БРОНЗЫ (НА ОСНОВАНИИ МАТЕРИАЛОВ ЗАХОРОНЕНИЙ).....	163
Койгелдиев М. МАГЖАН ЖУМАБАЕВ: МАНИФЕСТ НАЦИОНАЛЬНОГО ПИСАТЕЛЯ.....	170
Койгелдиев М. ЕСМАГАМБЕТ ИСМАИЛОВ: Я ЛИТЕРАТУРУ СТАВИЛ ВЫШЕ ВСЕХ СВОИХ ИНТЕРЕСОВ!.....	192
Корабай С.С. «СКАЗАНИЕ О ПРЕМУДРОМ ХИКАРЕ» – АРМЯНОПИСЬМЕННЫЙ КЫПЧАКСКИЙ ПАМЯТНИК СРЕДНЕВЕКОВЬЯ.....	226

Майданали З. СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ ПАРАДИГМЫ И ТЕНДЕНЦИИ В ИЗУЧЕНИИ ТÖРЕ И ЯСЫ ЧИНГИСХАНА.....	232
Мамедзаде У.К. АЗЕРБАЙДЖАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА КАК ГАРАНТ МИРА И СТАБИЛЬНОСТИ В РЕГИОНЕ.....	238
Мамиров Т.Б., Клышев Е.Е. О ПАМЯТНИКАХ КАМЕННОГО ВЕКА МЕСТНОСТИ ОЙСЫЛКАРА (АКТЮБИНСКАЯ ОБЛ.): ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ СООБЩЕНИЕ.....	247
Молдабаева Д.Ж., Маратұлы Т. ВОСТОЧНАЯ ПОЛИТИКА КАРАХАНИДСКОГО ГОСУДАРСТВА В X-XI ВЕКАХ: ВОЙНА С УЙГУРСКИМ ИДИКУТСТВОМ КОЧО И ЗАВОЕВАНИЕ ХОТАНА.....	254
Мургабаев С.С. ИЗОБРАЖЕНИЯ И ТАМГИ РАННЕТЮРКСКОГО ПЕРИОДА В ПЕТРОГЛИФАХ КАРАТАУ.....	262
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ГУРЬЕВ-КАНДАГАЧ.....	282
Омарова Г.А. ГОРЕСТИ АЛЖИРА В ВОСПОМИНАНИЯХ МАТЕРЕЙ-УЗНИЦ.....	289
Оспангалиев К.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ СИТУАЦИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ НАКАНУНЕ ВСЕРОССИЙСКОГО УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СОБРАНИЯ.....	297
Саурыкова Ж.С. ПЕРЕГИБЫ И ИСКРИВЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	309
Смагулов Б. ОБЩЕСТВЕННАЯ И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТОНЬЮКУКА В ПЕРИОД ВТОРОГО ТЮРКСКОГО КАГАНАТА (VII – VIII ВВ.).....	318
Султангалиева Г.С., Ануаров Н.Т. ОРЕНБУРГСКИЙ КАДЕТСКИЙ КОРПУС И КАЗАХСКИЕ ОФИЦЕРЫ XIX В.....	330
Ташкараева А.М. АБУ-Л-ГАЗИ БАХАДУР ХАН: ЖИЗНЬ И ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ.....	338
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ИССЛЕДОВАНИЯ, ПРОВЕДЕННЫЕ ШИЛИКТИ - ТАРБАГАТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИЕЙ В 2019 ГОДУ НА МОГИЛЬНИКЕ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	347
Хасенова Б.М. ГЕНДЕР В КИМАКСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПО ДАННЫМ АРХЕОЛОГИИ.....	353

CONTENTS

Abdrakhim M., Tuleshova U.	
QUESTIONS OF “RANK” AND AWARDS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE KAZAKH ORAL FOLK.....	5
Akhtayeva N.S., Paruch K.I.	
PSYCHOLOGICAL CONSULTING OF ATHLETES IN CRISIS SITUATIONS USING STATISTICAL DATA CALCULATIONS IN THE SPSS-STATISTICS PROGRAM.....	12
Baigapanova A.B., Adilbayeva A.S.	
COVERING THEFRONT DEMANDS BY THE RURAL POPULATION OF THE SEMIPALATINSK REGION.....	19
Baltabayeva K.	
ABULKHAIR MUKHAMET GAZI BAKHADUR-KHAN.....	33
Beysegulova A.K.	
THE ROLE OF LANGUAGE IN PRESERVING ETHNIC IDENTITY.....	45
Bekzhan O.D.	
THE VALUES OF THE ANCIENT TURKIC RUNIC LETTERS, WHERE THE WRITTEN WORD KASSAK.....	50
Heydarov A.	
THE SOUTH CAUCASUS POLICY OF RSFSR ON THE EVE OF THE USSR ESTABLISHMENT AND DIFFERENCES IN THIS DIRECTION.....	57
Zhailybayev D.Zh.	
DEVELOPMENT OF SMALL AND MONO CITIES OF TURKESTAN REGION.....	63
Zhanakova N.T.	
KALI BILALOV – TALENTED ORGANIZER OF EDUCATION IS IN COUNTRYS.....	68
Zharkynbayeva R., Baizhanova S.	
FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE HIGHER EDUCATION SYSTEM OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN.....	73
Zhumataev R.S., Kozhabekova Zh.B.	
SOME ASPECTS OF WORLDVIEW RELATED TO HORSES AT TURK-MONGOLIAN PEOPLES.....	82
Ibraeva A.	
ZHAKHANS SHA DOSMUKHAMEDOV – THE AMBITIOUS ACTOR OF THE ALASH MOVEMENT.....	91
Ibraeva A.	
AKHMET BIRIMZHANOV – THE OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF THE ALASH INTELLIGENTSIA.....	101
Kazhenova G.	
THE RESISTANCE OF THE POPULATION TO THE POLICY OF WAR COMMUNISM IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	111
Karibaev B.	
JANIBEK KHAN.....	120
Karibaev B.	
KEREY KHAN.....	133
Kulshanova A.A.	
THE LATEST METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE NATIONAL POLICY OF THE BOLSHEVIKS IN THE PERIOD OF THE TOTALITARIAN STATE FORMATION.....	150
Kalybekova M.Ch.	
FORCED RESETTLEMENT OF PEOPLES TO KAZAKHSTAN AS A FORM OF REPRESSIVE POLICY OF THE USSR (1937-1945).....	154
Kalshabayeva B.K., Shakenov S.T., Ergabylov A.E.	
WORLDVIEW OF THE POPULATION OF KALBA-NARYM FOOTHILLS IN THE BRONZE AGE (BASED ON BURIAL MATERIALS).....	163
Koigeldiyev M.	
MAGZHAN ZHUMABAYEV: MANIFESTO OF A NATIONAL WRITER.....	170
Koigeldiyev M.	
YESMAGAMBET ISMAILOV: I PUT LITERATURE ABOVE ALL MY INTERESTS!.....	192
Korabay S.	
A «STORY ABOUT WISE HIKAR» IS ARMENIAN WRITING KIPCHAK MONUMENT OF MIDDLE AGES.....	226
Maidanali Z.	
MODERN SCIENTIFIC PARADIGMS AND TRENDS IN THE STUDY OF TÖRE AND YASY CHINGISKHAN.....	232

Mamedzade U.K.	
REPUBLIC OF AZERBAIJAN AS A GUARANTOR OF PEACE AND STABILITY IN THE REGION.....	238
Mamirov T.B., Klyshev E.E.	
ABOUT THE STONE AGE SITES OF OYSYLKARA (AKTOBE REGION): PRELIMINARY REPORT.....	247
Moldabayeva D.J., Maratulu T.	
THE EASTERN POLICY OF QARAKHANID STATE IN X-XI CENTURIES:THE WARFARE BETWEEN KOCHO KINGDOM OF UYGHURS AND THE INVASION OF KHOTAN.....	254
Murgabayev S.S.	
IMAGES AND TAMGI OF THE EARLY TURKISH PERIOD IN KARATAU PETROGLYPHS.....	262
Mukhitov K.	
THE HISTORY OF THE RAILWAY GURYEY-KANDAGASH CONSTRUCTION.....	282
Omarova G.	
THE SORROWS OF ALGERIA IN THE MEMORIES OF MOTHERS-PRISONERS.....	289
Ospangaliev K.A.	
SOCIO-POLITICAL SITUATION IN EAST KAZAKHSTAN ON THE EVE OF THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY.....	297
Saurykova Zh.	
EXCESSES AND DISTORTIONS IN THE PROCESS OF COLLECTIVIZATION AND DISPOSSESSION IN KAZAKHSTAN.....	309
Smagulov B.	
MILITARY-POLITICAL ACTIVITY OF TONYUKUK IN THE PERIOD OF SECOND TURKIC QAGHANATE (VII - VIII CENTURIES).....	318
Sultangalieva G.S., Anuarov N.T.	
ORENBURG CADET CORPS AND KAZAKH OFFICERS IN THE XIX CENTURY.....	330
Tashkaraeva A.	
ABU-L-GHAZI BAHADUR KHAN: LIFE AND PUBLIC ACTIVITIES.....	338
Toleubaev A.T., Zhumatayev R.S., Shakenov T., Ergabilov A.E.	
RESEARCH WORK CARRIED OUT BY THE SHILIKTY-TARBAGATAI ARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2019 AT THE YELEKE SAZY NECROPOLIS.....	347
Khasenova B.M.	
GENDER IN THE KIMAK SOCIETY ACCORDING TO DATA OF ARCHEOLOGY.....	353

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 4(20)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2019.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй